

Семинар жұмыстардың тақырыптары

Фонетика пәні. Оның нысаны, зерттелу тарихы, орны.

Әріп, дыбыс, фонема. Бұлардың арақатысын межелеудің маңызы. Транскрипцияның орны. Қазақ сөздерін транскрипциялау мәселесі.

Дауысты фонемалар: олардың саны, сапасы, жіктелуі; айтылу, жазылуындағы ерекшеліктер.

Дауыссыз фонемалар: олардың саны, сапасы, жіктелуі; айтылу жазылуындағы ерекшеліктер.

Дыбыс тіркесі. Сөздің дыбыс, буын құрамын анықтау мәселесі. Дыбыс тіркесіне көзқарас. Дыбыстың түр-түрінің өзара тіркесу ерекшелік, заңдылықтары.

Буын, оған тән белгі-ерекшеліктер. Буынның маңызы, түрлері. Буынды танып-білудің фонологиялық маңызы, орны.

Буын үндесімі. Тіл үндесімінің тілдегі орны, қызметі. Ерін үндесіміне көзқарас. Буын үндесімінің тілді ұйымдастыру, ерекшелеудегі маңызы.

Дыбыс үндесімі. Дауыссыз дыбыстардың өзара үйлесімі. Ықпал, игеру заңдылықтары. Жасалым, айтылымға қатысты игерулер.

Орфоэпия, графика, орфография. Бұларға қатысты түсінік-таным. Әрқайсысының мазмұн-мәні, тілдегі орны.